

**Түркістан облысы  
Ордабасы ауданының  
«Аққу» бөбекжай –бақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**Өзін-өзі бағалау**

**Темірлан елді мекені  
2023 жыл**

Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы,  
«Аққу» бөбекжай -бақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 22 қаңтар 2024жылғы № 15 бұйрығымен құрылды:

1. Абжалалова.– балабақша меңгеруші м.у.а, комиссия төрайымы
2. Бектурганова Р. – балабақша әдіскері, комиссия мүшесі
3. Қунадилова А. – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4. Тоқтарбаева Г.– балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
5. Құрымбаева М.– қазақ тілі маманы, комиссия мүшесі

Өзін –өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

**«Аққу» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны туралы ақпараттық анықтама**

№	Өзін –өзі бағалау бөлімдері	Өзін –өзі бағалау материалдары	дереккөз
1	<b>Білім беру ұйымның жалпы сипаттамасы</b>  Түркістан облысының білім басқармасының Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Аққу» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны. <b>Орналасқан мекен-жайы:</b> Ордабасы ауданы, Қажымұхан ауылдық округі, Темірлан ауылы, М.Жепаев көшесі №14 <b>Байланыс</b>	<b>1.</b> Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу\ қайта тіркеу туралы <b>анықтама</b>  <b>2.</b> Заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы <b>бұйрық</b> <b>Абжалалова Шамшия Қалданқызы</b> «Аққу» бөбекжай -бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2023 жыл 10 қазанда № 299 бұйрығымен балабақша міндетін уақытша атқару лауазымына тағайындалды  <b>3.</b> Білім беру ұйымының <b>Жарғысы</b>  <b>4.</b> Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы <b>хабарлама</b>	<a href="http://egov.kz">Egov.kz</a> электронды үкімет порталында  Ресми интернет-ресурста орналастырылды <a href="http://akku-balabaksha.kz/">http://akku-balabaksha.kz/</a>  «Е-лицензиялау» порталы

	<p><b>деректері:</b> 87023933603 <b>Жұмыс сым тетігі:</b> 87253021532 Электронды почта; Акку Орда &lt;akku.orda@mail.ru&gt; <b>Instagram:</b></p>		
2	<p><b>Кадрлық құрамға талдау</b></p>	<p>Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет Басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталған Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға келісе кесте қоса беріледі, оның ішінде: бағаланатын кезеңге педагогтердың <b>штаттық кестесі</b> Бағаланатын кезеңде басшылармен тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі мәліметтер.</p>	<p><a href="https://akku-balabaksha.kz/">https://akku-balabaksha.kz/</a></p>
3	<p><b>Тәрбиеленушілер контингенті</b></p>	<p><b>Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне сәйкес :</b> -Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер; Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер. <b>Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:</b> -балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау. -1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақталынған және балабақша ресми сайтында орналастырылған</p>	<p><a href="https://akku-balabaksha.kz/">https://akku-balabaksha.kz/</a></p>
4	<p><b>Оқу –әдістемелік жұмыс</b></p>	<p><b>Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған өлшемшарттарға сәйкес :</b> -жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын: - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметі <b>Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің өлшемшарттарына сәйкес:</b> -тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын</p>	<p><a href="https://akku-balabaksha.kz/">https://akku-balabaksha.kz/</a></p> <p>Балабақшаның ресми сайты</p>

		талаптардың сәйкесбағаланатын кезеңге ұйымдасқан қызметтің перспективті жоспары . - бағаланатын кезеңгетәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы балабақшаның ресми сайтына жүктелді	
5	<b>Оқу-материалдық активтер</b>	<b>Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған өлшемшарттар:</b> Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары. <b>Ғимарат туралы мәлімет</b> (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары) балабақшаның Техникалық түгендеу іс қағазы және әдістемелік ұсынымдарының 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер Бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі <b>Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат</b>	Балабақшаның ресми сайты: <a href="https://akku-balabaksha.kz/">https://akku-balabaksha.kz/</a>
6	<b>Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры</b>	Әдістемелік ұсынымдарға 5 қосымшаға сәйкес оқу – әдістемелік кешендер туралы мәліметтер	Балабақшаның ресми сайты: <a href="https://akku-balabaksha.kz/">https://akku-balabaksha.kz/</a>
7	<b>Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау</b>	<b>Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттарға сәйкес :</b> Бағаланатын кезеңге баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің оқу нәтижелері. Бағаланатын кезеңге тәрбиеленушілерінің даму мониторингінің (бастапқы нәтижелері) Бағаланатын кезеңге балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері Бағаланатын кезеңге баланың жеке даму картасы балабақша сайтында орналастырылды	Балабақшаның ресми сайты: <a href="https://akku-balabaksha.kz/">https://akku-balabaksha.kz/</a>
8	<b>Білім беру процесіне қатысушылардың және т б сауалнамасы</b>	Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасына ата-аналар мен педагогтарға телеграмм канал ашылды	
9	<b>Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары</b>		
10	<b>Қорытынды мен ұсыныстар</b>		

**«Аққу» бөбекжай -бақшасы»**  
**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**  
**туралы ақпараттық анықтама**

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Түркістан облысының білім басқармасының Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Аққу» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен - жайы)	Ордабасы ауданы, Қажымұхан ауылдық округі, Темірлан ауылы, М.Жепаев көшесі №14
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон 87023933603 электронды поштасы <a href="mailto:Orda_akku.orda@mail.ru">Orda <a href="mailto:akku.orda@mail.ru">akku.orda@mail.ru</a></a> <a href="https://akku-balabaksha.kz/">https://akku-balabaksha.kz/</a> /Жұмыс телефоны: 87253021532
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	<b>Абжалалаова Шамшия Қалданқызы</b> «Аққу» бөбекжай -бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2023 жыл 10 қазанда № 299 бұйрығымен балабақша міндетін уақытша атқару лауазымына тағайындалды
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 12.09.2023жылы қайта өткен. БСН 010740001649, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 06.10.2009 жыл. Кәсіпорын жарғысы Ордабасы аудандық тіркеу және кадастр бөлімі 2023жыл 12 қыркүйек Тіркеу № 375-1959-03-НАО-ГП
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2024 жылғы 22 қаңтар талон №KZ93RVK00055364 хабарлама берілген.

	туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	
7	Құрылған жылы	1978 жыл
8	Типтік ғимарат	Екі қабатты типтік үлгіде
9	Топтар саны	13топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі және орыс тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым; II ауысым
13	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – минутпен	Аралас тобы (1 және 2 жас ) жас тобы Кіші топ Ортаңғы топ Ересек топ Мектепалды тобы-25-30 минут
14	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 280 балаға арналған.

Білім беру ұйымдарын  
бағалау өлшемшарттарының  
1-қосымшасы

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын «Аққу» бөбекжай балабақша» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар**

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық біліміне сәйкес педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжатты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орын басарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтан дырылуы	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12	100 %	
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	

	қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендер мен қамтамасыз ету	100 %	
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
7	Жастоптары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	
		95 - 99 %	5
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жақсалу деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жақсалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жақсалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жақсалу деңгейіне қанағаттанған	

Білім беру ұйымының басшысы:



Ш.Абжалалова

## **1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

Түркістан облысының білім басқармасының Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Аққу» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2024 жылы қаңтар айының 22-24 күндері аралығында өтті.

«Аққу» бөбекжай- бақшасында» ҚР БҒМ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы»

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты, «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып,ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, ҚР БҒМ 2016жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілгенмемлекеттікжалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

үлгілік оқу жоспарын, Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2021 жылғы 09 шілдедегі №59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

Балабақша ғимараты 2 қабатты типтік жобада салынған, жылу, су электр жүйелері орталықтандырылған.

Ордабасы ауданы казтелеком арқылы интернетке қосылған, сонымен бірге өртке қарсы дабыл (сигнализация) орнатылған.

Балалар қауіпсіздігі үшін барлық жағдай жаалған. Балабақшада 14 бейне-камера бар, оның 10 іште, 4 сыртта орналасқан.

Балабақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал - сайман жабдықтармен жабдықталған

Барлық топтар балалардың жас ерекшеліктеріне сай ескеріліп, жиһаздармен, ойын және көрнекі құралдармен қамтамасыз етілген, дамытушы орталар бар. Әрбір топта жеке жатын, ойын, әжетхана және ас тарататын бөлмелері бар.

Музыка, би іс-әрекеттері сапалы жүргізуге музыка залы ұлттық накышта, аспаптармен жабдықталған.

Дене шынықтыру оқу әрекеттері сапалы жүргізілуге спорт залы спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған және баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді. Балабақшада дене шынықтыру залы секіруге, жүгіруге, еңбектеуге және тепе-тендік сақтауға арналған жаңа құралдармен жабдықталып, толықтырылған.

Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша	Психолог	Логопед	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Саз жетекшісі	Қазақ тілі пән мұғалімі
34	7	9	1	1	0	2	2

Балабақша ауласы көгалдандырылған, шырша ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңы өз дәрежесінде жабдықталған, жеке топтарға арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар, әр топқа жеке балалар отырып ойнайтын көлеңкелі қоршау орындығымен (беседка), гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған спорт алаңы бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші кабинеті;
- Әдістемелік кабинет;
- Медбике кабинеті;
- Психолог кабинеті;
- Логопед кабинеті;

Ата-аналар үшін топтарда «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Оқшаулау бұрышы», «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөресі», кітаптар бұрышы, «Табиғат бұрышы», білім салалары бойынша дамытушы орталықтар жасақталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса берілді.

## 2. Кадрлық құрамға талдау.

Түркістан облысының білім басқармасының Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Аққу» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2024 жылы қаңтар айының 22-24 күндері аралығында өтті. Педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысын басшылыққа алып, белгіленген. Бөбекжай балабақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары балабақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр

қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай балабақша қызметкерлерінің жеке іс құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері, (жеке куәліктер, диплом, біліктілік курстар сертификаттар, көшірмесі қоса жолданды)

### Педагог кадрлер туралы мәлімет

р/с	Қызметкерлердің аты-жөні	Қызметі	Жүктемесі	Білімі	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Жаңашабіліктілік санаты
1	Абжалалова Шамшия Қалданқызы	Меңгеруші м.у.а	1	Жоғары	15		Педагог сарапшы
2	Бектурганова Райхан	Әдіскер	1	Жоғары	34		Педагог - модератор
3	Қанаева Макпал	психолог	1	Жоғары	8		Педагог - модератор
4	Қыдырбаева Гулзира	логопед	1	жоғары	13	I Санат	
5	Сағынбекова Айгүл	Қазақ тілі пәні мұғалімі	1	Жоғары	15		Педагог - модератор
6	Құрымбаева Маржан	Қазақ тілі пән мұғалімі	1	Жоғары	8		Педагог - модератор
7	Дырымбетова Асия	Музыка жетекшісі	1	Жоғары	12		Педагог - модератор
8	Ажикулова Гүлбала	тәрбиеші	1	Орта арнаулы	33		Педагог - модератор
9	Бесбаева Айнұр	тәрбиеші	1	Жоғары	10		Педагог-сарапшы
10	Бекежанова Жанат	тәрбиеші	1	Орта арнаулы	21		Педагог - модератор
11	Дәрімбекова Ұлбосын	тәрбиеші	1	Жоғары	12		Педагог - модератор
12	Ерназар Гүлнар	тәрбиеші	1	Жоғары	22		педагог
13	Есмаханова Баян	тәрбиеші	1	Жоғары	13	I санат	-
14	Елемесова Айнұр	тәрбиеші	1	Жоғары	6		Педагог - модератор
15	Кидирова Бану	тәрбиеші	1	Жоғары	13		Педагог-сарапшы
16	Күнәділова Айгүл	тәрбиеші	1	Жоғары	16		Педагог - модератор
17	Нұрымбетова Батима	тәрбиеші	1	Жоғары	12		педагог
18	Нурекеева Ақбота	тәрбиеші	1	Жоғары	17		Педагог - модератор

19	Өмірбек Гүлмира	тәрбиеші	1	Жоғары	30		Педагог-модератор
20	Сағынбекова Индира	тәрбиеші	1	Жоғары	14	I санат	-
21	Салиева Майра	тәрбиеші	1	Жоғары	9		Педагог - модератор
22	Тұрсынбаева Рабиға	тәрбиеші	1	Жоғары	28		Педагог - модератор
23	Торғаева Жазира	тәрбиеші	1	Жоғары	13		Педагог - модератор
24	Тимебаева Ұлжалғас	тәрбиеші	1	Жоғары	12		педагог
25	Тоқтарбаева Гауһар	тәрбиеші	1	Жоғары	10		Педагог - модератор
26	Утепова Айгүл	тәрбиеші	1	Жоғары	14		Педагог - модератор
27	Утенбаева Айгүл	тәрбиеші	1	Жоғары	30		Педагог - модератор
28	Халық Венера	тәрбиеші	1	Жоғары	12		Педагог - модератор
29	Искакова Бақыт	тәрбиеші	1	Жоғары	10		Педагог - модератор
30	Үсен Роза	тәрбиеші	1	Жоғары	13		Педагог - модератор
31	Ыбырай Жанар	тәрбиеші	1	Жоғары	18		Педагог - модератор
32	Юсупова Камшат	тәрбиеші	1	Жоғары	7		Педагог - модератор
33	Тұрмаханбет Зауре	тәрбиеші	1	Жоғары	18		Педагог - модератор
34	Буланбаева Баян	Муз жетекшісі (декреттік демалыста )	0,75	Жоғары	9		Педагог модератор

**Соңғы үш оқу жылындағы кадрлар туралы барлық мәліметтер:**

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>2021–2022</b>	<b>2022-2023</b>	<b>2023–2024</b>
Штаттық педагогтар саны, нақты жұмыс істейтін:	34	34	34
Меңгеруші	1	1	1
Әдіскер	1	1	1
Тәрбиешілер	27	29	26
Психолог	1	1	1
Музыка жетекші	1,75	1,75	1,75
Орыс тілі пән мұғалімі	1	0	0
Қазақ тілі пән мұғалімі	-	-	2
Дене шынықтыру нұсқаушысы	1	0	0
Логопед	0	0	1
<b>Барлығы</b>	<b>34</b>	<b>34</b>	<b>34</b>

## Педагогтердің біліктілікті арттыру туралы мәлімет

Түркістан облысының білім басқармасының, Ордабасы ауданы білім бөлімінің «Аққу» бөбекжай –бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында ұсынылатын қызмет сапасын жоғарылату, күн сайын артып отырған ата-аналар талаптарын қанағаттандырып, балалардың негізгі білім, білік, дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында инновациялық технологиялар кеңінен қолданылуда. Бөбекжай балабақшада ФАО«НЦПК» по «ӨРЛЕУ» біліктілігін арттыру курсынан 33 педагог өтті.

### 3. Тәрбиеленушілер контингенті

2022-2023 оқу жылында балабақшада 13 топ Ерте жас «Қызыл телпек», кіші «Балдәурен», «Бауырсақ», , «Қарлығаш»ортаңғы «Балапан», «Балдырған», «Айгөлек»,«Қызғалдақ», «Наурыз», «Солнышко» ересек 3 топ мектепалды «Светлячок» , «Гүлдер», «Балбөбек» жұмыс істеді. Онда 280 бала мемлекеттік және орыс тілде тәрбиеленуде. Балабақшада ҚР «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдырға арналған бағдарламасы»аясында, «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелерін негізге ала отырып педагогикалық үдеріс жүргізілді. Оқу тәрбие жұмыстарын жүргізуде педагогтар өтпелі тақырыптарға сүйеніп, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сай ұйымдастырылған оқу қызметін бес білім беру салалары бойынша кіріктіріп жұмыс жүргізді.

Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту,балабақша ішілік әртүрлі мерзімде жобалар жоспарлау арқылы,түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету,қоғамдық ортада инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, балаларды ауызша қарым-қатынас жасауға, диалог құру дағдыларын қалыптастыру.Фонематикалық қабылдау дағдыларын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, көркем шығармаларды түсініп, эмоцианалды қабылдай білуге үйрету жұмыстары ұйымдастырылды. Педагогтармен жылдық жоспар бойынша 5 пед кеңес, өндірістік кеңес, меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді.

Мектепалды «Гүлдер» тобының тәрбиешілері Тұрсынбаева Рабиға мен Утенбаева Айгүл.1-Қыркүйек Білім күніне арналған «Бақытты балалық шақ мекені» ертеңгілігінде балаларды зейін қойып тыңдауға,тапсырмаларды орындауға ептілік пен зеректікке баулуды мақсат етсе, «Алтын күзім қош келдің!»ертеңгілігін,Тәуелсіздіктің мерекесіне орай«Тәуелсіздік тұғырым»тақырыбында ертеңгілік, Бекежанова Жанат. Жасыл шырша мерекесіне «Кел Жаңа жыл, Жаңа жыл!»атты ертеңгілік,Аналар күніне «Ана-бақыт, Ана-жыр» атты ертеңгілік,Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне «Қош келдің, Өз Наурыз!» атты ертеңгіліктер барлық топтарда өтілді..Тәрбиеші Кунадилова А. Математика

негіздерінен «Асық ойнайық балақай ,алшы түсті алақай » атты ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетте асық технологиясын пайдаланып түрлі қызықты тапсырмалар орындады, бала асық ойнай отырып балалардың бойында әртүрлі дағдылар қалыптасты. Утенбаева Айгүл «Ойнап жүріп өсеміз» балалар түрлі ойындар ойнай отырып түрлі ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білді. Ересек «Қызғалдақ»тобының тәрбиешісі Нуреекева Б. Мен Тұрмаханбет З. балалардың қимыл-қозғалысымен бірге логикалық ойлауын дамыту ойындарын кірістіріп«Көліктер», Ортаңғы « «Айгөлек» тобының тәрбиеші Ыбырай жанар «Үкі апайдың мектебі» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсету барысында кіріктіріп балалар бойында коммуникативтік дағдыларын қалыптастырды.

2022-2023оқу жылында балабақшада 13 топ. Онда 280 бала мемлекеттік және орыс тілде тәрбиеленуде. Оқу жылында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу мақсаттары жоспарланып, оқу-тәрбие үрдісінде педагогтің мотивациялық ізденісімен заман ағымына қарай жаңа технологияларды ұтымды пайдалануда.

«Аққу» бөбекжай-бақшасында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1-тарау 3-тармақтың 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалып, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік орта, оның ішінде арнайы орта құрылып, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған жағдайлар жасалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады. Бағаланатын 2021-2022 оқу жылдарында МДТО МЖМБС-ның 1-қосымшасында көрсетілген бес білім беру саласы бойынша «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесіне» сәйкес, ал 2022-2023 оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасының 6, 7 -тарауда көрсетілген «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі»жүргізілді. Бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес қосымша ұсынылады.

#### **4. Оқу-әдістемелік жұмыс.**

Балабақшаның 2021-2022 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-тармақ 1) тармақшасына сәйкес "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» сәйкес жұмыс оқу жоспарлары жасалынып, меңгерушімен бекітілген. Қосымша ұсынылады.

**2021-2022 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспары**

ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 №195 бұйрығымен

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы				
		Ерте жас тобы «Қызыл телпек» (бір жастан тобы)	Кіші топ «Бауырсақ», «Қарлығаш», «Балдаурен» (екі жастан бастап)	Ортаңғы топ «Балапан», «Айгөлек»» «Балдырған» (3 жастан бастап)	Ересек топ «Қызғалдақ»» «Наурыз» (4 жастан бастап)	Мектеп алды даярлық тобы «Гүлдер», «Балбөбек» (5 жастан бастап)
1	<b>Денсаулық</b>	<b>108</b>	<b>108</b>	<b>108</b>	<b>108</b>	<b>108</b>
	Дене шынықтыру	108	108	108	108	90
	Қауіпсіз мінез құлық негіздері	-	-	-	-	18
2	<b>Қатынас</b>	<b>36</b>	<b>36</b>	<b>72</b>	<b>90</b>	<b>180</b>
	Сөйлеуді дамыту	18	18	36	36	36
	Көркем әдебиет	18	18	18	36	36
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	72
	Орыс тілі	-	-	18	18	36
3	<b>Таным</b>	<b>36</b>	<b>72</b>	<b>90</b>	<b>90</b>	<b>90</b>
	Математика негіздері	-	-	36	36	36
	Сенсорика	18	18	-	-	-
	Құрастыру	-	18	18	18	18
	Жаратылыстану	18	36	36	36	36
4	<b>Шығармашылық</b>	<b>72</b>	<b>108</b>	<b>108</b>	<b>126</b>	<b>180</b>
	Сурет салу	18	36	36	36	36
	Мүсіндеу	18	9	9	18	36
	Жапсыру	-	9	9	18	36
	Музыка	36	54	54	54	72
5	<b>Әлеумет</b>	-	-	<b>18</b>	<b>18</b>	<b>54</b>
	Өзін –өзі тану	-	-	-	-	36
	Қоршаған ортамен таныстыру	-	-	18	18	18
	<b>Жылдық оқу жүктемесінің сағат саны</b>	252	324	396	432	612
	<b>Вариативтік компонент</b>	-	-	36	72	108
	<b>Барлығы</b>	<b>252</b>	<b>324</b>	<b>432</b>	<b>504</b>	<b>720</b>

**2021-2022 оқу жылына арналған орыс тобының жылдық оқу жоспары**

ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 №195 бұйрығымен

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы	
		Ересек топ «Солнышко» (4 жастан бастап)	Мектепалды даярлық « Светлячок» (5 жастан бастап)
1	<b>Денсаулық</b>	<b>108</b>	<b>108</b>
	Дене шынықтыру	108	90
	Қауіпсіз мінез құлық негіздері	-	18
2	<b>Қатынас</b>	<b>108</b>	<b>216</b>
	Сөйлеуді дамыту	36	36
	Көркем әдебиет	36	36
	Сауат ашу негіздері	-	72
	Қазақ тілі	36	72
3	<b>Таным</b>	<b>90</b>	<b>90</b>
	Математика негіздері	36	36
	Сенсорика	-	-
	Құрастыру	18	18
	Жаратылыстану	36	36
4	<b>Шығармашылық</b>	<b>126</b>	<b>180</b>
	Сурет салу	36	36
	Мүсіндеу	18	36
	Жапсыру	18	36
	Музыка	54	72
5	<b>Әлеумет</b>	<b>18</b>	<b>54</b>
	Өзін –өзі тану	-	36
	Қоршаған ортамен таныстыру	18	18
	<b>Жылдық оқу жүктемесінің сағат саны</b>	<b>450</b>	<b>612</b>
	<b>Вариативтік компонент</b>	<b>54</b>	<b>72</b>
	<b>Барлығы</b>	<b>504</b>	<b>720</b>

**2022-2023 оқу жылына арналған  
тәрбие мен оқытудың оқу жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Мектепалды «Балбөбек», «Гүлдер» Тобы (5- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2
	Көркем әдебиет		2
	Қарым-қатынас іс- әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу		3
	Қарым-қатынас іс -әрекеті, танымдық іс әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Құрастыру		1
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2
	Музыка****	күн сайын	
8	<b>Барлығы</b>		<b>20</b>

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ересек «Наурыз», «Қызғалдақ» топтары (4- жастағы балалар)		Ортаңғы «Балапан», «Айгөлек», «Балдырған» топтары (3- жастағы балалар)	
	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
Дене шынықтыру		3		3
Дене шынықтыру**	күн сайын		күн сайын	
Сөйлеуді дамыту	күн сайын		күн сайын	
Көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын	
Қазақ тілі		1		1
Қазақ тілі***	күн сайын		күн сайын	
Математика негіздері	күн сайын		күн сайын	
Қоршаған ортамен	күн сайын		күн сайын	

таныстыру				
Құрастыру	күн сайын		күн сайын	
Сурет салу				
Мүсіндеу				
Жапсыру				
Музыка		2		1
Музыка****	күн сайын		күн сайын	
<b>Барлығы</b>		<b>6</b>		<b>5</b>

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Кіші «Қарлығаш», «Балдәурен», «Бауырсақ» топтары (2- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	
	Көркем әдебиет	күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Құрастыру	күн сайын	
	Сурет салу	Күн сайын	
	Мүсіндеу		
	Жапсыру	Күн сайын	
6	Музыка		1
	Музыка***	күн сайын	
7	<b>Барлығы</b>		<b>4</b>

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ерте жас «Қызыл телпек» тобы (1- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	
	Көркем әдебиет	күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Құрастыру	күн сайын	
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
6	Музыка		1
	Музыка***	күн сайын	
7	<b>Барлығы</b>		<b>4</b>

**2023-2024 оқу жылына арналған  
тәрбие мен оқытудың оқу жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Мектепалды «Балбөбек», «Гүлдер» Тобы (5- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2
	Көркем әдебиет		2
	Қарым-қатынас іс- әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу		3
	Қарым-қатынас іс -әрекеті, танымдық іс әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Құрастыру		1
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2
	Музыка****	күн сайын	
8	<b>Барлығы</b>		<b>20</b>

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ересек «Наурыз», «Қызғалдақ» топтары (4- жастағы балалар)		Ортаңғы «Балапан», «Айгөлек», «Балдырған» топтары (3- жастағы балалар)	
	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
Дене шынықтыру		3		3
Дене шынықтыру**	күн сайын		күн сайын	
Сөйлеуді дамыту	күн сайын		күн сайын	
Көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын	
Қазақ тілі		1		1
Қазақ тілі***	күн сайын		күн сайын	
Математика негіздері	күн сайын		күн сайын	
Қоршаған ортамен	күн сайын		күн сайын	

таныстыру				
Құрастыру	күн сайын		күн сайын	
Сурет салу				
Мүсіндеу				
Жапсыру				
Музыка		2		1
Музыка****	күн сайын		күн сайын	
<b>Барлығы</b>		<b>6</b>		<b>5</b>

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Кіші «Қарлығаш», «Балдәурен», «Бауырсақ» топтары (2- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет	3
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	
	Көркем әдебиет	күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Құрастыру	күн сайын	
	Сурет салу	Күн сайын	
	Мүсіндеу	Күн сайын	
	Жапсыру	Күн сайын	
6	Музыка	Аптасына бір рет	1
	Музыка****	күн сайын	
7	<b>Барлығы</b>		<b>4</b>

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Аралас тобы «Қызыл телпек» тобы (1- 2 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	
	Көркем әдебиет	күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Құрастыру	күн сайын	
	Сурет салу	Күн сайын	
	Мүсіндеу	Күн сайын	
	Жапсыру	Күн сайын	
6	Музыка	Аптасына бір рет	1
	Музыка****	күн сайын	
7	<b>Барлығы</b>		<b>4</b>

**2021-2022 оқу жылына жұмыс оқу жоспары бойынша ерте жас «Қызыл телпек»** тобында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 7 сағат: «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 1 сағат, жылына 36сағат, «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша аптасына 2 сағат, жылына 72 сағат Барлығы 252 сағат,кіші «Қарлығаш» , «Бауырсақ», «Балдәурен» тобында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 9 сағат:«Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2 сағат, жылына 72сағат, «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат Барлығы 324 сағат,ортаңғы «Балапан» ,«Айгөлек», «Балдырған» топтарында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 11 сағат, вариативтік компоненттен 1 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 2 сағат, жылына 72 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Шығармашылық білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Әлеумет» білім беру саласы 0,5 сағат, жылына 18 сағат, жалпы апталық сағат жүктемесінің көлемі 11 сағат, вариативтік компоненттен 1 сағат, жылыдқ 36 сағат, барлығы аптасына 12 сағат, жылына 432 сағат, ересек «Қызғалдақ», «Наурыз» тобында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 12 сағат, вариативтік компоненттен 2 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Шығармашылық білім беру саласы бойынша аптасына 3,5 сағат, жылына 126 сағат, «Әлеумет» білім беру саласы бойынша аптасына 0,5 сағат, жылына 18 сағат, вариативтік компоненттен аптасына 2 сағат, жылына 72 сағат, барлығыаптасына 14 сағат, жылына 504 сағат,МАД «Гүлдер», «Балбөбек» тобында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 17 сағат, вариативтік компоненттен 3 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 5 сағат, жылына 180 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Шығармашылық білім беру саласы бойынша аптасына 5 сағат, жылына 180 сағат, Әлеумет білім саласы бойынша аптасына 1,5 сағат, жылына 54 сағат. Вариативті бөлім аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат Барлығы 720 сағат. Ересек орыс «Солнышко» тобында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 12 сағат, вариативтік компоненттен 1,5 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Шығармашылық білім беру саласы бойынша аптасына 3,5 сағат, жылына 126 сағат, «Әлеумет» білім беру саласы бойынша аптасына 0,5 сағат, жылына 18 сағат, вариативтік компоненттен аптасына 2 сағат, жылына 72 сағат, барлығы аптасына 14 сағат, МАД «Светлячок» тобында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 17 сағат, вариативтік компоненттен 3 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы

бойынша аптасына 6 сағат жылына 216 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Шығармашылық білім беру саласы бойынша аптасына 5 сағат, жылына 180 сағат, Әлеумет білім саласы бойынша аптасына 1,5 сағат, жылына 54 сағат. Вариативті бөлім аптасына 2 сағат, жылына 72 сағат Барлығы 720 сағат.

**2022-2023 оқу жылына** бекітілген жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» 2-тарау 4-тармағы 3)тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» сәйкес балабақшаның жұмыс оқу жоспары балабақша меңгерушісімен бекітіліп, ресми сайтқа орналастырылған.ҚР БҒМ –нің қолданыстағы 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 өзгерістерімен) 1-қосымшасы «Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ерте жас «Қызыл телпек», кіші «Бауырсақ», «Қарлығаш», «Балдәурен» топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, «Музыка» аптасына 1 сағат, барлығы 4 сағат, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Сенсорика», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру»дағдыларын қалыптастыру күн сайын, 2-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын» ортаңғы «Балапан», «Балдырған», «Айгөлек» тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» ҰІӨ аптасына 1 сағат, «Музыка» ҰІӨ аптасына 1 сағат, барлығы 5 сағат,«Дене шынықтыру», «Музыка», «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын, ересек « Қызғалдақ», «Наурыз» , «Солнышко» топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» ҰІӨ аптасына 1 сағат, «Музыка» ҰІӨ аптасына 2 сағат, барлығы 6 сағат, «Дене шынықтыру», «Музыка», «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын, 3-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа/мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын (5 жастағы балалар)»негізге алып мектепалды «Балбөбек» , «Гүлдер», «Светлячок»тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жнктемесі «Дене шынықтыру» ҰІӨ аптасына 3 рет, «Сөйлеуді дамыту» ҰІӨ аптанысына 2 рет, «Көркем әдебиет», ҰІӨ аптанысына 2 рет, «Қазақ тілі», ҰІӨ аптанысына 2 рет, «Сауат ашу» ҰІӨ аптанысына 3 рет, «Математика негіздері» ҰІӨ аптанысына 3 рет, «Қоршаған ортамен таныстыру» ҰІӨ аптанысына 2 рет,

«Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» ҰІӨ аптанысына 1 рет, «Музыка» ҰІӨ аптанысына 2 рет. Барлығы аптасына 20 сағат, «Дене шынықтыру», «Музыка», «Қарым-қатынас іс-әрекеті», «Қазақ тілі», «Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет», «Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті», «Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті», «Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті» күн сайын жоспарланған.

**2023-2024** оқу жылына бекітілген жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» 2-тарау 4-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» сәйкес балабақшаның жұмыс оқу жоспары балабақша меңгерушісімен бекітіліп, ресми сайтқа орналастырылған. ҚР БҒМ –нің қолданыстағы 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 өзгерістерімен) 1-қосымшасы «Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ерте жас «Қызыл телпек», кіші «Бауырсақ», «Қарлығаш», «Балдәурен» топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, «Музыка» аптасына 1 сағат, барлығы 4 сағат, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Сенсорика», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» дағдыларын қалыптастыру күн сайын, 2-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын» ортаңғы «Балапан», «Балдырған», «Айгөлек» тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» ҰІӨ аптасына 1 сағат, «Музыка» ҰІӨ аптасына 1 сағат, барлығы 5 сағат, «Дене шынықтыру», «Музыка», «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын, ересек «Қызғалдақ», «Наурыз», «Солнышко» топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» ҰІӨ аптасына 1 сағат, «Музыка» ҰІӨ аптасына 2 сағат, барлығы 6 сағат, «Дене шынықтыру», «Музыка», «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын, 3-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа/мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын (5 жастағы балалар)» негізге алып мектепалды «Балбөбек», «Гүлдер», «Светлячок» тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» ҰІӨ аптасына 3 рет, «Сөйлеуді дамыту» ҰІӨ аптанысына 2 рет, «Көркем әдебиет», ҰІӨ аптанысына 2 рет, «Қазақ тілі», ҰІӨ аптанысына 2 рет, «Сауат ашу» ҰІӨ аптанысына 3 рет, «Математика негіздері» ҰІӨ аптанысына 3 рет, «Қоршаған ортамен таныстыру» ҰІӨ аптанысына 2 рет,

«Сурет салу», «Мінсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» ҰІӨ аптанысына 1 рет, «Музыка» ҰІӨ аптанысына 2 рет. Барлығы аптасына 20 сағат, «Дене шынықтыру», «Музыка», «Қарым-қатынас іс-әрекеті», «Қазақ тілі», «Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет», «Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті», «Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті», «Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті» күн сайын жоспарланған.

«Аққу» бөбекжай балабақшасында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымында педагог-мамандары мен тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограмма құрылымы топтар бойынша 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген" Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген (бағаланатын кезеңге бекітілген перспективалық жоспар және циклограммалар, үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесінің көшірмелері қоса жүктелді).

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- 11 эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

## 5. Оқу-материалдық активтер.

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (мектепке дейінгі жастағы баланың жеке, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасаудың бейне контенті, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі)

«Аққу» бөбекжай балабақшасында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1-тарау 3-ші тармақтағы 2-ші тармақшасына және , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалып, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік орта, оның ішінде арнайы орта құрылып, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған жағдайлар жасалған.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықталған.(Тізбесі қосымшада тіркеледі)

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер**

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәлімет**

### МКҚК «Аққу» бөбекжай бақшасы»

